

Қазақстан Республикасының аумағындағы өрттер мен олардың зардаптары мемлекеттік есебінің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 шілдедегі N 1053 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 53 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы өрттер мен олардың зардаптары мемлекеттік есебінің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 9 ж ы л ғ ы
2 3 ш і л д е д е г і
N 1 0 5 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"өртке қарсы қызмет органы", "өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызмет органдарына", "өртке қарсы қызмет органдарында" деген сөздер " мемлекеттік өртке қарсы қызмет органы", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

«мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары», «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына», «Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары», « мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарында» деген сөздер «өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері», «өрт қауіпсіздігі

саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне», «Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері», «өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының аумағындағы өрттер мен олардың зардаптары мемлекеттік есебінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы өрттердің, олар келтірген материалдық залалдың және бұл ретте зардап шеккен адамдардың есебін жүргізудің бірыңғай жүйесін белгілейді.

2. Ереже Қазақстан Республикасының барлық министрліктерінің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарының, ведомстволарының, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың қолдануы үшін міндетті.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен .

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

өрт - адамдардың өмірі мен денсаулығына зиян, адамдарға, қоғам мен мемлекеттің мүдделеріне залал келтіретін бақыланбаған жану;

өрттің себебі - өрттің пайда болуына тікелей негіз болған құбылыс немесе жағдай ;

тұтану - азаматтардың өмірі мен денсаулығына зиян, адамдарға, қоғаммен мемлекеттің мүдделеріне материалдық залал келтірмеген бақылаусыз жану;

өрттің зардабы - материалдық, моральдық-құқықтық, әлеуметтік (адамдардың қаза табуы мен жарақаттануы), басқа да шығындар;

жойылған материалдық құндылықтар - өзінің сапасы мен құндылығын толық жоғалтқан, жөндеу жолымен де мақсаты бойынша пайдаланыла алмайтын, одан әрі пайдалану үшін жарамды күйге келтіріле алмайтын материалдық құндылықтар ;

бүлінген материалдық құндылықтар - қалпына келтіру (жөндеу) жолымен пайдалану үшін жарамды күйге келтіруге болатын материалдық құндылықтар;

өрттен болған толық материалдық залал - жойылған және бүлінген материалдық құндылықтардың, өртті өшіруге және оның зардабын жоюға арналған, оның ішінде объектіні қалпына келтіруге, өрттен болған зиянды

әлеуметтік өтеуге арналған шығындардың құндық көрсетілуі.

өрттен болған толық материалдық залал тікелей, жанама және әлеуметтік материалдық залалдардан тұрады;

өрттен болған тікелей материалдық залал - егер олар өртке тікелей байланысты пайда болса азаматтардың жылжымайтын мүлкіне, өзге де негізгі қорларына, айналымдағы қаражатына, жеке мүлкіне келтірілген, жойылған және бүлінген материалдық құндылықтардың құндық көрсетілуі;

өрттен болған жанама материалдық залал - өртті өшіруге, өрттің зардаптарын жоюға, объектінің жұмыс істеуін қалпына келтіруге арналған шығындардың, сондай-ақ объектінің тоқтап тұруынан болған және басқа да шығындардың құндық көрсетілуі;

өрттен болған әлеуметтік материалдық залал - өндірістік қызметтен еңбек резервтерінің шығып қалуының нәтижесінде пайдаланылмаған мүмкіндіктерден шығындарды қоса алғанда адамдардың қаза табуының және жарақаттануының салдарынан іс-шаралар жүргізуге, уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар төлеуге арналған шығындардың, санаториялық-курорттық емдеуге, мүгедектерге, сондай-ақ асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша зейнетақылар төлеуге арналған және басқа да шығыстардың құндық көрсетілуі;

өрт кезінде зардап шеккендер - өртте қаза тапқан немесе жарақаттанған адам; тікелей өрт болған жерде немесе уақиға болған күннен бастап 30 тәуліктің ішінде өрттің қауіп факторларының әсері салдарынан алынған дене зақымдарынан (жарақаттарынан), сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануынан қайтыс болған адам өрт кезінде қаза табушы деп танылады;

еңбек қабілетін жоғалтуды немесе кемінде бір тәулік мерзімге емханаға жатқызудың немесе алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін амбулаториялық емдеу тағайындауды тудырған өрттің қауіпті факторларының, сондай-ақ өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануынан дене жарақатын алған адамдар өрт кезінде жарақат алғандар деп танылады;

дене зақымы (жарақаты) - адамның органдары мен тканьдарының анатомиялық бүтіндігінің немесе физиологиялық функцияларының бұзылуы;

өрттің адамдар үшін қауіпті факторына: жалын мен ұшқын; қоршаған орта температурасының көтерілуі; түгін; жанудың улы өнімдері мен термикалық шіру; кислород концентрациясының төмендеуі жатады;

өрттің қауіпті факторларының екінші мәрте қайталануына: жарықшақтар, бүлінген аппараттардың, агрегаттардың, қондырғылардың, конструкциялардың бөліктері; бүлінген аппараттар мен қондырғылардан шыққан радиоактивті және улы заттар мен материалдар; кернеуді конструкциялардың, аппараттардың, агрегаттардың тоқ өткізгіш бөліктеріне шығарудың нәтижесінде пайда болған

электр тогы; өрттің салдарынан болған жарылыстың қауіпті факторлары; от с ө н д і р у ш і з а т т а р ;

көлік құралдары - автомобильдер, мотоциклдер, мотороллерлер, мотоарбалар, трамвайлар, троллейбустар, тракторлар және басқа да өздігінен жүретін механизмдер, теңіз және өзен кемелері, әуе кемелері, теміржол көлігінің жылжымалы құрамы, сондай-ақ ат арба көлігі;

эксаумақтық мәртебесі бар объектілер - шетел мемлекеттері елшіліктерінің, дипломатиялық және консульдық өкілдіктерінің, БҰҰ өкілдіктерінің және БҰҰ-ның мамандандырылған халықаралық ұйымдарының, сондай-ақ, егер олардың үй-жайының эксаумақтылығы Қазақстан Республикасы мүшесі болып табылатын халықаралық шартта көзделсе, өзге де халықаралық ұйымдардың аумағына эксаумақтылық мәртебесі берілген. Эксумақтылық мәртебесі шетелдік мемлекеттер елшіліктерінің, дипломаттық және консулдық өкілдіктерінің дипломатиялық мәртебе мен тиісті артықшылықтар және иммунитеттер берілген қызметкерлері (дипломатиялық өкілдіктің басшысы, консул, бірінші, екінші және үшінші хатшылар, атташе және олардың отбасы мүшелері) тұратын тұрғын үй-жайларға, сондай-ақ олардың жеке автомашиналарына да қолданылады. Елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктердің автомашиналарына да эксумақтылық мәртебесі берілген. Елшіліктермен дипломаттық өкілдіктердің техникалық және қызмет көрсетуші қызметшілері тұратын тұрғын үй-жайлар мен олардың жеке автомашиналарына эксумақтылық мәртебесі қолданылмайды .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Өрттердің және олардың зардаптарының есебі

4. Қазақстан Республикасының аумағында болған барлық өрт, олардың пайда болған уақытына және жері мен зардаптарына қарамастан, мемлекеттік есеп жү р г і з у г е ж а т а д ы .

Эксаумақтылық мәртебесі бар объектілерде болған өрттер Қазақстан Республикасының жеке және (немесе) заңды тұлғаларына материалдық залал келтірілген немесе басқа да зардаптар болған жағдайларды қоспағанда, оларға келтірілген зардаптарға қарамастан мемлекеттік есепке енгізілмейді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і) Қ а у л ы с ы м е н .

5. Өрттердің және олардың зардаптарының мемлекеттік есебі Қазақстан

Республикасындағы өрттердің жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыруға арналған. Өрттердің және олардың зардаптарының мемлекеттік есебін өрт қауіпсіздігі саласындағы бақылау функцияларын жүзеге асыратын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның ведомствосы және өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Өртті есепке алу карточкалары мен есептілік нысаны мемлекеттік есептілік құжаттары болып табылады. Өрттерді есепке алу карточкалары өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы бекітетін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалады. Есептілік нысанын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган әзірлейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасындағы өрттер мен олардың зардаптарының есебін:

елді мекендер мен өз мемлекеттік өртті бақылауды жүзеге асыратын объектілерде өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері;

мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда құрылатын, өз күшімен ведомстволық бағыныстағы объектілерде (ормандарда, шахтылардың жерасты құрылыстарында, ашық көмір кеніштерінде, метрода, рудниктерде, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Республикалық ұланына, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне ведомстволық бағыныстағы объекттерде, Қазақстан Республикасының шетелдердегі елшіліктерінде, консульдықтарында, өкілдіктерінде) өрт қауіпсіздігі саласындағы функцияларды жүзеге асыратын салалық өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асырады.

Салалық өртке қарсы қызмет бөлімшелері жүзеге асыратын есеп бойынша деректерді олар ай сайын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұсынады.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.09 N 786, 2005.06.30 N 662, 2006.08.11 N 760, 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

7. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының көлік құралдарындағы өрттердің есебін, егер олар республиканың аумағында жол жүріп бара жатқан кезде немесе уақытша тұрақтарда пайда болса, олардың пайда болған жері бойынша, ал шетелдік азаматтар мен заңды тұлғаларға тиесілі көліктерде болса, тиісті тексерулер материалдарының негізінде олардың

тіркелген жері бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

8. Заңды және жеке тұлғалар өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне барлық өрт уақиғалары туралы хабарлауға және оларды тергеу барысында қажетті материалдарды ұсынуға міндетті.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

9. Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері өрттерді өрттің фактісі бойынша жасалған құжаттардың негізінде өрттердің арнаулы есебі журналына тіркейді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

10. Әрбір өртке оны жойғаннан кейін бір тәуліктің ішінде мемлекеттік өртке қарсы қызмет қызметкері басқаратын комиссия өрт туралы акт жасайды. Өрт туралы актінің нысанын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. Комиссия құрамына заңды тұлға әкімшілігінің немесе зардап шешушінің, ішкі істер органдарының, сақтандыру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен басқа да мүдделі тұлғалар кіруі мүмкін. Өрт бөлімшелері шақырылмаған және өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның бөлімшелеріне аумақтық ол туралы хабар (ауызша немесе жазбаша) зардап шеккендерден, ішкі істер органдарынан, сақтандыру ұйымдарынан немесе басқа да көздерден түскен өрт туралы актіні ақпарат алынған сәттен бастап екі тәуліктен кешіктірмей сол құрамдағы комиссия жасайды.

Актіге комиссия қол қойғаннан кейін ол өрт фактісі бойынша тексеру (анықтау) жүргізген органда қалады. Өрттен болған материалдық залалдың сомасы мен оның туындау себебі жөнінде деректер болмаған жағдайда осы мәліметтер 30 тәуліктен аспайтын мерзімде сараптама қорытындыларын не ұйымдардың бухгалтерлік есептілік құжаттарын, сақтандыру ұйымдарының мәліметтерін, сот органдарының шешімдерінен көшірмелерді немесе мүлік иелерінің құжаттарын ұсынғаннан кейін толтырылады. Өрт туралы актінің көшірмесі залалды өтеу, құжаттарды қайта қалпына келтіру мәселелері бойынша сот органдарына жүгіну үшін өтініш бойынша мүлік иелері мен өрттен зардап шеккендерге, сондай-ақ сот органдарының жазбаша сұраулары бойынша беріледі .

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен .

11. Тексерудің нәтижесінде белгіленген тіркелмеген өрттердің фактілері бойынша өрт жөніндегі деректердің кателіктеріне осы Ережеге сәйкес ескерілетін толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. Сонымен бір мезгілде уақиға болған кезеңдегі мемлекеттік есептілікке түзету енгізіледі.

1 2 . Ө р т р е т і н д е :

өндірістің технологиялық процесінің ерекшеліктеріне (техникалық регламентке немесе басқа да техникалық құжаттамаға кіргізілген) немесе өнеркәсіптік қондырғылар мен агрегаттардың жұмыс жағдайына, сондай-ақ үйді жылытуға арналған тұрмыстық пештерге байланысты жану жағдайлары;

заттарды қайта өңдеу сапалық сипатын өзгерту мақсатында (кептіру, пісіру, үтіктеу, қақтау, қуыру, балқыту және басқалары) отпен, жылумен немесе өзге де термикалық (жылулық) әсермен өңдеудің нәтижесі ретіндегі жану жағдайлары;

статистикалық электрдің өрттің пайда болуын тудырмайтын жарылыстары, жар қылдары және разрядтары;

электр жабдықтарындағы, тұрмыстық және өнеркәсіптік электр аспаптарындағы жанудың аппараттан, агрегаттан және механизмнен тысқары таралуын тудырмайтын электр желілерінің қысқа тоғысу жағдайлары;

тұрмыстық электр аспаптарының ақауы кезіндегі түтіндеу және тағамның оны дайындау кезіндегі өрттің пайда болуын тудырмайтын күйі жағдайлары;

ашық аумақтар мен дала алқаптарындағы иесіз ғимараттар мен иесіз көлік құралдарының, құрғақ шөптің, жапырақтардың, терек ұлпасының, тұрмыстық қалдықтардың, аңыздардың, сондай-ақ қоқыс төгетін жерлердегі, бос жерлердегі, үй иесі мен шаруашылық етуші объектілердің аумақтарындағы, жол жиектеріндегі, оны жинауға арналған контейнерлік алаңдардағы, оны жинауға арналған контейнерлердегі (жәшіктердегі), тұрғын үйлердің лифт шахталарындағы (лифтілеріндегі), тұрғын үйлердің қоқыс жинағыштарындағы (қоқыс құбырларындағы), тұрғын үйлердің баспалдақ торларындағы, тұрғын үйлердің жертөле және шатыр үй-жайларындағы қоқыстардың тұтанулары;

өзін-өзі өлтіруге әрекет еткен және өзін-өзі өртеу жолымен өлтірген жағдай, егер олар жанудың таралуын тудырмаса;

жол-көлік оқиғасы себебінен болған автокөлік құралдарының өртену жағдайлары;

авиациялық, темір жол авариялары, террористік актілер, ұрыс қимылдары, құқық қорғау органдарының арнайы операциялары, жер сілкіністері себебінен болған өрттер;

пешпен (каминдермен) жылытудан өлімге әкелген улы газбен адамдардың улану жағдайлары;

зардаптар мен залалсыз пирофорлық қосқыштардың өздігінен тұтану жағдайлары есеп жүргізуге жатпайды.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.09 N 786, 2005.06.30 N 662, 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

13. (13-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен)

3. Өрт кезінде зардап шеккендердің есебі

14. Өрттер мен олардың зардаптары бойынша алғашқы деректерді қалыптастыру кезінде өрт кезінде қаза болғандар мен жарақат алғандардың барлығы медициналық ұйымдар ұсынатын өлім немесе жарақаттану себебі туралы қорытындылардың негізінде есепке алынады.

Осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген жағдайларда адамдардың қаза болу , жарақаттану фактілері мемлекеттік есепке алуға жатпайды және жазатайым оқиғалар, қасақана өлтіру (өзін-өзі өлтіруге) не қасақана өлтіруге (өзін-өзі өлтіруге) әрекет жасау деп саналады.

Сот-медициналық сараптама мекемелері бұдан бұрын өрт кезінде қаза болғандар ретінде есепке алынған адамдардың өрт туындаған сәтке дейін қаза болу фактісін анықтаған кезде көрсетілген тұлғалар өрттерді есепке алудың дерекқордан шығарылады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

15. Ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан медициналық ұйымдар медициналық көмек көрсету үшін келген немесе әкелінген өрт кезінде зардап шеккен адамдар туралы, сондай-ақ өрт кезінде алынған жарақаттан қайтыс болғандар туралы өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне дереу хабарлауға міндетті.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

16. Медициналық ұйымдар өрт бойынша тексеру (анықтау) жүргізуші лауазымды тұлғалардың сұрау салуы бойынша 3 тәуліктен кешіктірмей адамдардың өрт кезінде қайтыс болуы немесе жарақаттануы фактісін растайтын құжаттарды беруге міндетті.

17. Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері тоқсан сайын жергілікті жердегі денсаулық сақтау органдарымен өрт кезінде зардап шеккен адамдардың есебі жөніндегі мәліметтерді салыстыруды жүргізуге міндетті.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662

қ а у л ы с ы м е н .

18. Жолдағы немесе уақытша тұрақтардағы көлік құралдарындағы өрт кезінде қаза тапқан адамдар өрт пайда болған жер бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінде, ал өрт кезінде жарақат алғандар медициналық көмекке барған жері бойынша денсаулық сақтау органдарына е с е п к е а л ы н а д ы .

Ескерту. 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

19. Өрт кезінде қаза тапқан, сондай-ақ термикалық әсердің салдарынан тану мүмкін болмаған белгілі бір тұрағы жоқ адамдарды, азаматтығы жоқ адамдарды өрт пайда болған жер бойынша өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері есепке алады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен .

20. Шетелдік мемлекеттердің өртте қаза тапқан немесе жарақаттанған азаматтарын өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері есепке алмайды, аталған фактілер бойынша материалдар тиісті тексеруден кейін олар азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне және к о н с у л д ы ғ ы н а б е р і л е д і .

Ескерту. 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.

4. Өрттен болған материалдық залалдың есебі

21. Өрттен болған толық материалдық залал дүниежүзілік тәжірибе ескеріле отырып тікелей, жанама және әлеуметтік залалдан құралады. Өрттен болған толық материалдық залал оның өтелу дәрежесіне қарамастан есепке алынуға ж а т а д ы .

22. Осы Ереженің 6-тармағына көрсетілген субъектілердің өрттен болған материалдық залалдың есебін жүргізуі өрт болған ұйымның бухгалтерлік есептілігі құжаттарының; сақтандыру ұйымдары мәліметтерінің; сот органдарының шешімдері көшірмелерінің; мүліктің меншік иелері құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

23. Объектілерінде өрт болған ұйымдар сақтандыру ұйымдары өртпен келтірілген материалдық залалдың ауқымын растайтын құжаттарды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне ұсынуға м і н д е т т і .

Ескерту. 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662, 2008.11.18 N 1068 Қаулыларымен.

24. Өрттерден болған толық материалдық залал өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы бекіткен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес а й қ ы н д а л а д ы .

Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

25. Өрттің нәтижесінде эксаумақтық дәрежесі бар объектілерге (олардағы заттарға) келтірілген материалдық залал, оны Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары өтейтін жағдайларды қоспағанда, есепке алынбайды.

5. Өрттердің есебі үшін жауаптылық

26. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген субъектілердің лауазымды тұлғалары, өрт объектілерінің меншік иелері, сақтандыру және медициналық ұйымдар өрт туралы деректердің уақытылы берілуі мен дұрыстығы үшін ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

27. Осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген субъектілердің лауазымды тұлғалары деректерді беру тәртібінің бұзылуын және (немесе) оның бұрмалануын анықтаған жағдайда, олар мемлекеттік есептілікке өзгерістер немесе толықтырулар енгізу үшін өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органға хабарлау жөнінде қажетті шаралар қолданады.

Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662, 2011.02.10 № 124 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.